

## Ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 1 тамыздағы N 256

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің апаттық су басу нәтижесінде зардап шеккен Чехия халқына 130 тонна I сорт ұн (екі темір жол вагоны) беру түрінде ізгілік көмек көрсету туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайлар мен шараларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан:

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне - ұн сатып алумен және тиеумен байланысты шығыстарды өтеуге 3,0 (үш) миллион теңге;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне - ізгілік жүкті тасымалдаумен байланысты шығыстарды өтеуге 620 (алты жүз жиырма) мың теңге бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі ізгілік көмек бар вагондарды уақтылы беруді, жөнелтуді және Алматыдан Украинаның Чоп темір жол станциясына дейін жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі аталған ізгілік көмек жүгін Словакия аумағында күтіп алуды және оны тағайындалуы бойынша беруді ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жоғарыда аталған мақсаттарға бөлінген қаражаттың үстінен қосымша шығыстар пайда болған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті ұсыныс енгізісін.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінетін қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр